


Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Бекітілді
Тарих факультетінің
Ғылыми кеңесінде
Хаттама № 19 қыркүйек» 2025 ж.
Факультет деканы
Бабаунаков Д.С.



**«Елтану» (орта ғасырлардағы Батыс елдері)
пәні бойынша қорытынды бақылау бағдарламасы
«6B02212-Тарих және шетел тілін меңгеру» білім беру бағдарламасы**

3-курс, күзгі семестр

5 кредит

Алматы, 2025

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: т.ғ.д., профессор
Мырзабекова Р.С.

«6B02212-Тарих және шетел тілін меңгеру» білім беру бағдарламасы
негізінде әзірленген.

Дүниежүзі тарих, тарихнама және деректану кафедрасы мәжілісінде қаралды
және ұсынылды

«_27_»_09_2025 ж., хаттама №_1_

Кафедра меңгерушісі  Мырзабекова Р.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша

акдемиялық комитеттің төрайымы



Бижанова М.Т..

«_05_»_09_2025 ж., хаттама №_1_

**«Елтану» (орта ғасырлардағы Батыс елдері)
пәні бойынша қорытынды бақылау бағдарламасы**

Емтихан өткізу формасы	Емтихан өткізу формасы
Жазбаша емтихан: универ	Жазбаша

Емтихан технологиясы мен әдістемесі бойынша нұсқаулық

Жазбаша емтихан - емтихан кестесіндегі студент автоматты түрде жасалатын емтихан билетінің сұрақтарына жауап жолдарын толтыру арқылы емтиханды офлайн тапсырады.

Студенттің жазбаша емтихан тапсыру процесі студенттің автоматты түрде емтихан картасын құруды көздейді, оған мәтінді жүйеге тікелей енгізу арқылы жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Пән оқытушысы дайын емтихан жұмыстарын бағалайды.

Студенттің құқытары мен міндеттері:

- Әдеп кодексі мен академиялық адалдық кодексін қатаң сақтаңыз;
- Оқытушының өтініші бойынша жеке тұлғаны растау арқылы тегі, атын, тобын нақты айту;
- Қорытынды бақылау нәтижелерімен келіспеген жағдайда апелляциялық шағым жазыңыз;

Тыйым салынады:

- Баузердегі қойындылардан өтуге.
- Үшінші тұлғалардың кеңестерін пайдалануға.
- Кез-келген алдау әрекеттерін жасауға.

Пән бойынша жауапты бағалау критерилері

95% - 100%: А балл қойылады, егер студент:

- Бағдарламалық материалдың барлық көлемін терең және толық білуі мен түсінуін көрсетеді; қарастырылып отырған ұғымдардың, құбылыстар мен заңдылықтардың, теориялардың, қатынастардың мәнін толық түсінгенін көрсетеді.
- Оқылған материал негізінде толық және дұрыс жауап құруды біледі; негізгі ережелерді бөліп көрсететалады, жауабын нақты мысалдармен, фактілермен дербес растайды; дербес және дәлелді түрде талдап, жинақталу, қорытынды жасайды.
- Пәнаралық (бұрын алынған білімдер негізінде) және пәнішілік байланыстарды орнатады, алған білімдерін таныс емес жағдайда шығармашылықпен қолданады.

- Оқу материалын дәйекті, анық, орынды және дәл ұсынады, қабылданған терминологияны пайдаланып логикалық дәйектілікпен жауап береді, өзіндік қорытынды жасайды, негізгі ұғымдардың дәл анықтамасы мен интерпретациясын қалыптастырады, жауап бергенде оқулық мәтінін сөзбе-сөз қайталамайды, әдеби тілде материал ұсынады, қосымша сұрақтарға дұрыс және мұқият жауап береді.

- *Алған білімдерін шығармашылық деңгейде мәселелерді шешуде тәуелсіз, сенімді және дәл қолданады.*

90% - 94%: А - балл қойылады, егер студент:

- Бағдарламалық материалдың барлық көлемін терең және толық білуі мен түсінуін көрсетеді; қарастырылып отырған ұғымдардың, құбылыстар мен заңдылықтардың, теориялардың, қатынастардың мәнін толық түсінгенін көрсетеді.

- Оқылған материал негізінде толық және дұрыс жауап құруды біледі; негізгі ережелерді бөліп көрсететалады, жауабын нақты мысалдармен, фактілермен дербес растайды; дербес және дәлелді түрде талдап, жинақтау, қорытынды жасайды.

- Пәнаралық (бұрын алынған білімдер негізінде) және пәнішілік байланыстарды орнатады, алған білімдерін таныс емес жағдайда шығармашылықпен қолданады.

- Оқу материалын дәйекті, анық, орынды және дәл ұсынады, қабылданған терминологияны пайдаланып логикалық дәйектілікпен жауап береді, өзіндік қорытынды жасайды, негізгі ұғымдардың дәл анықтамасы мен интерпретациясын қалыптастырады, жауап бергенде оқулық мәтінін сөзбе-сөз қайталамайды, әдеби тілде материал ұсынады, қосымша сұрақтарға дұрыс және мұқият жауап береді.

- Алған білімдерін шығармашылық деңгейде мәселелерді шешуде тәуелсіз, сенімді және дәл қолданады.

- *Оңай түзетілетін бір, екі кемшілік жібереді.*

85% - 89%: В+ балл қойылады, егер студент:

- Барлық зерттелген бағдарламалық материал туралы білімдерін көрсетеді.

- Зерттелген теорияларға негізделген толық және дұрыс жауап береді; оқылған материалды көбейту, ұғымдарды, ғылыми терминдерді қолдану кезінде немесе тұжырымдар мен жалпылау кезінде дәлсіздіктерді анықтауда ұсақ қателіктер мен кемшіліктер жібереді;

- Материал белгілі бір логикалық дәйектілікпен беріліп, *бір елеулі қате немесе кемінде екі кемшіліктер жіберіледі және оларды дербес түзете алады.*

80% - 84%: В балл қойылады, егер студент:

- Жауабын нақты мысалдармен дәлелдейді.

- Зерттелген материалдағы негізгі ережелерді өз бетінше бөліп көрсетуді біледі.
- Фактілер мен мысалдарға сүйене отырып, қорытынды жасап, пәнішілік байланыстар орната алады.
- Алған білімдерін практикада қолданады, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің негізгі ережелерін сақтайды, ғылыми терминдерді қолданады.
- Анықтамалық әдебиеттермен, оқулықтармен, бастапқы дереккөздермен жұмыс істеуде жеткілікті дағдылары дұрыс бағытталған, бірақ баяу жұмыс істейді.
- *Жазба жұмыстарды орындауда ережелердің аздап бұзылғандығы байқалады.*

75% - 79%: В - балл қойылады, егер студент:

- Жауабын нақты мысалдармен дәлелдейді.
- Зерттелген материалдағы негізгі ережелерді өз бетінше бөліп көрсетуді біледі; фактілер мен мысалдарға сүйене отырып, жалпылау, қорытынды жасау, пәнішілік байланыстар орната алады.
- Алған білімдерін практикада қолданады, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің негізгі ережелерін сақтайды, ғылыми терминдерді қолданады.
- Анықтамалық әдебиеттермен, оқулықтармен, бастапқы дереккөздермен жұмыс істеуде жеткілікті дағдылары дұрыс бағытталған, бірақ баяу жұмыс істейді.
- *Жазба жұмыстарды орындауда бірқатар ережелердің бұзылғандығы байқалады.*

70% - 74%: C+ балл қойылады, егер студент:

- Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, материалды игеруде олқылықтар орын алған, материал жүйесіз, бірізді емес түрде ұсынылады.
- Белгілі бір білім мен дағдылардың жеткіліксіз қалыптасуын көрсетеді, дәлелдер мен жалпылау әлсіз, оларда қателіктер жібереді.
- Ғылыми терминологияны қолдануда қателіктер жіберді, түсініктерге нақты анықтама бере алмайды, фактілерді, қорытындыларды дәлел ретінде пайдаланбаған немесе оларды ұсынуда қателіктер жіберген.
- Теорияларға негізделген белгілі бір құбылыстарды нақты мысалдармен растауда қиындықтар туындайды.
- Сұрақтарға толық жауап бермейді (ең бастысын баяндамайды), оқулық мәтіндегі маңызды оқиғаларды толық түсінбейді.
- *Оқулық мәтіндегі деректерді қолдану кезінде жеткіліксіз түсінгендігі анықталады немесе сұрақтарға толық емес жауап беріп, бір немесе екі өрескел қателіктер жібереді.*

65% - 69%: C балл қойылады, егер студент:

- Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, материалды игеруде олқылықтар орын алған, материал жүйесіз, бірізді емес түрде ұсынылады.

- Белгілі бір білім мен дағдылардың жеткіліксіз қалыптасуын көрсетеді, дәлелдер мен жалпылау әлсіз, оларда қателіктер жібереді.

- Ғылыми терминологияны қолдануда қателіктер жіберді, түсініктерге нақты анықтама бере алмайды, фактілерді, қорытындыларды дәлел ретінде пайдаланбаған немесе оларды ұсынуда қателіктер жіберген.

- Теорияларға негізделген белгілі бір құбылыстарды нақты мысалдармен растауда қиындықтар туындайды.

- Оқытушының сұрақтарына толық жауап бермейді (ең бастысын баяндамайды), оқулық мәтіндегі маңызды оқиғаларды толық түсінбейді.

- Оқулық мәтіндегі деректерді қолдану кезінде жеткіліксіз түсінгендігі анықталады немесе оқытушының сұрақтарына толық емес жауап беріп, бір немесе екі өрескел қателіктер жібереді.

- *Анықтамалық әдебиеттермен, оқулықтармен, бастапқы дереккөздермен жұмыс істеуде жеткілікті дағдылары жоқ.*

60% - 64%: C - балл қойылады, егер студент:

- Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, материалды игеруде олқылықтар орын алған, материал жүйесіз, бірізді емес түрде ұсынылады.

- Белгілі бір білім мен дағдылардың жеткіліксіз қалыптасуын көрсетеді, дәлелдер мен жалпылау әлсіз, оларда қателіктер жібереді.

- Ғылыми терминологияны қолдануда қателіктер жіберді, түсініктерге нақты анықтама бере алмайды, фактілерді, қорытындыларды дәлел ретінде пайдаланбаған немесе оларды ұсынуда қателіктер жіберген.

- Теорияларға негізделген белгілі бір құбылыстарды нақты мысалдармен растауда қиындықтар туындайды.

- Сұрақтарға толық жауап бермейді (ең бастысын баяндамайды), оқулық мәтіндегі маңызды оқиғаларды толық түсінбейді.

- Оқулық мәтіндегі деректерді қолдану кезінде жеткіліксіз түсінгендігі анықталады немесе толық емес жауап беріп, бір немесе екі өрескел қателіктер жібереді.

- *Анықтамалық әдебиеттермен, оқулықтармен, бастапқы дереккөздермен жұмыс істеуде жеткілікті дағдысын игермеген.*

55% - 59%: D+ балл қойылады, егер студент:

- Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, материалды игеруде олқылықтар орын алған, материал жүйесіз, бірізді емес түрде ұсынылады.

- Білім мен дағдылардың жеткіліксіз қалыптасуын көрсетеді, дәлелдер мен жалпылау әлсіз, оларда қателіктер жібереді.

- Ғылыми терминологияны қолдануда қателіктер жібереді, түсініктерге нақты анықтама бере алмайды, фактілерді, қорытындыларды дәлел ретінде пайдаланбаған.

- Теорияларға негізделген белгілі бір құбылыстарды нақты мысалдармен растамаған.

- Сұрақтарға толық жауап бермейді (ең бастысын баяндамайды), оқулық мәтіндегі маңызды оқиғаларды толық түсінбейді.

- Оқулық мәтініндегі деректерді қолдану кезінде жеткіліксіз түсінгендігі анықталады немесе оқытушының сұрақтарына толық емес жауап беріп, өрескел қателіктер жібереді.

50% - 54%: D - балл қойылады, егер студент:

- Оқу материалының негізгі мазмұнын толық игермеген, материалды игеруде олқылықтар орын алған, материал жүйесіз, бірізді емес түрде ұсынылады.

- Білім мен дағдылары жеткіліксіз қалыптасқан, дәлелдер мен жалпылау әлсіз, оларда қателіктер жібереді.

- Ғылыми терминологияны қолдануда қателіктер жібереді, түсініктерге нақты анықтама бере алмайды, фактілерді, қорытындыларды дәлел ретінде пайдаланбаған.

- Теорияларға негізделген белгілі бір құбылыстарды нақты мысалдармен растамаған.

- Сұрақтарға толық жауап бермейді (ең бастысын баяндамайды), оқулық мәтіндегі маңызды оқиғаларды толық түсінбейді.

0% -49%: F балл қойылады, егер студент:

- Материалдың негізгі мазмұнын білмеген және ашпаған.

- Қорытынды және жалпылама тұжырымдар жасамайды.

- Берілген сұрақтар шеңберінде бағдарламалық материалдың маңызды немесе негізгі бөлігін білмейді және түсінбейді.

- Білімін нақты мәселелерді шешуге қалай қолдану керектігін білмейді.

- Жауап беру кезінде (бір сұраққа) түзетуге болмайтын екіден астам өрескел қателіктер жібереді.

- Қойылған сұрақтардың ешқайсысына жауап бере алмайды.

Пән бойынша қорытынды бағдарлама

Ортағасырлық деректер. Орта ғасырлар тарихының деректері (IV-XVII ғасырлар) Ортағасырлық деректерді жіктеу (табиғи-географиялық, этнографиялық, заттық, сурет-бейнелеу, жазба). Орта ғасырлық жазба деректер: нарративті (баяндаушы, құжаттық, заңдық) Ерте орта ғасырлар тарихының маңызды деректері (IV ғасырдың аяғы – XI ғасырдың ортасы). Феодалдық қатынастардың гүлденген кезеңінің деректері (XI ғасырдың ортасы - XV ғасырдың аяғы). Кейінгі орта ғасырлар тарихының негізгі

деректері (XVI-XVII ғасырлар). Дамыған феодализм кезіндегі маңызды деректер.

Антика мен орта ғасырлардың түйісіндегі Европа (IV ғасырлардың аяғы- XI ғасырдың ортасы). Рим империясындағы дағдарыс. Колонат эволюциясы. Эмфитевсис. Прекрарий. Патронат және коммендация. III-V ғасырлардағы экономикалық құдырау. III-V ғасырлардың аяғындағы Рим империясының қоғамдық және мемлекеттік құрылымы. Европа феодализмі кейінгі антикалық қоғамдық қатынастармен герман, кельт, славян және орталық, солтүстік, Шығыс Европаның өзге халықтарының рулық-тайпалық «варварлық» қоғамымен синтезі ретінде. Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінің басталуына дейінгі ежелгі германдықтардың қоғамдық құрылысы. Герман тайпаларының қоныстану территориясы. Аграрлық қатынастар. Г.Л.Маурердің марка теориясы, классикалық вотчина теориясының авторларының еңбегі және страсбург мектебінің тарихшыларының еңбектері бойынша германдықтардың шаруашылығы мен аграрлық құрылымы, әлеуметтік құрылым. Ежелгі германдықтардың саяси құрылымы. Германдықтардың рухани мәдениеті. Шет елдік және Қазақстандық тарихнамадағы (XVIII-XX ғасырлардағы) ежелгі германдықтар тарихының мәселелері. Батыс Рим империясының құлауы және варварлық патшалықтардың пайда болуы. Халықтардың Ұлы қоныс аударуының себептері. Герман тайпаларының көшіп-қону жағдайлары. Империя құлағаннан кейінгі варварлық патшалықтар. Европадағы халықтардың ұлы қоныс аударуы дәуіріндегі ғұндар.

Франк державасындағы феодализмнің дамуы. Меровингтер патшалығы. «Салий заңдары» - франктердің қоғамдық құрылысын зерттеу үшін маңызды дерек. Меровингтік кезеңдегі франк қоғамындағы әлеуметтік жіктеліс. Франк патшалығы және оның территориялық өсуі. Орталық және жергілікті басқару. Хлодвигтің мұрагерлері тұсындағы мемлекеттің ыдырауы. Австразия майордомдарының елді біріктіруі. Каролингтердің франктік державасы. Карл Мартелл саясаты. Франктердің арабтармен күресі. Карл Мартеллдің бенефициялық реформасы, оның әлеуметтік алғышарттары мен нәтижелері. Ұлы Карл империясының негізінің қалануы, оның халықаралық және ішкі жағдайлары. Ұлы Карлдың жеке тұлғасы.

IV-VII ғасырлардың бірінші жартысындағы Византия (Шығыс Рим империясы). Византия империясының қалыптасуы, оның территориясы, тұрғындарының этникалық құрамы. I Юстинианның билігі. Еуропамен салыстырғандағы Византиядағы феодалдану процесінің ерекшелігі. VI ғасырдың бірінші жартысы мен VII ғасырдың екінші жартысындағы Византия империясы.

Ерте орта ғасырлардың соңындағы Батыс Европа. VIII-X ғасырдағы Италия. IX-XI ғасырлардың басындағы Германия. Шығыс Франк патшалығы. IX-XI ғасырлардағы Батыс Европа елдерінде феодалдық құрылымының бекінуі. Саяси бытыраңқылық және алғашқы Капетингтер тұсындағы король билігі. Франциядағы негізгі феодалдық иеліктер. Иль –де-Франс. Лангобард. Патшалығын франктердің жаулап алуы. Италияның саяси

бытыраңқылығы. Феодалдық қатынастардың қалыптасуы. Қалалардың өсуі. Антикалық қаладан ортағасырлық қалаға өту континуитеті. Жаңа қала тұрақтарының пайда болуы. Феодалдық институттардың қалыптасу процестерінің ерекшеліктері. Италияға жорықтар. Және Оттон I-нің Римде тәж киюі. Империялық шіркеу. Оттондардың «Римдік империясы». Саксон династиясынан шыққан билеушілердің шығыстағы көршілермен қарым-қатынасы. «Оттондық өркендеу».

XI ғасырдың ортасына дейінгі Англия. VIII-XI ғасырдың ортасындағы Испания. Испанияны мұсылмандардың жаулап алуы Британиядағы англосаксон патшалықтары және феодалдану процестерінің ерекшеліктері. Англосаксон мемлекеттерінің эволюциясы. Жергілікті басқару ұйымдары. IX-XI ғасырлардың бірінші жартысындағы феодалдану процесінің жылдамдауы. Англосакстердің христиандануы. Даттармен күрес. Мұсылмандық Испания Дамасск халифатының құрамында. Ал-Андалус. Кордова. Толедо. Севиль. Валенсий. Сарагосс тайфтері. Экономикалық даму және әлеуметтік құрылым. Мұсылмандық Испанияның қалалық өркеніеті. Араб мәдениетінің еуропа мәдениетімен ғылымына әсері. Христиандық испан мемлекеттерінің пайда болуы және Реконкистаның басталуы. Реконкистаның хронологиясы және Испан тарихының әртүрлі сатыларындағы ерекшеліктері.

Дамыған орта ғасырлар. Крест жорықтары. Крест жорықтары дәуріндегі Батыс пен Шығыс. Ортағасырлық қалалардың пайда болуы мен дамуы. Ерте ғасырлардағы қала өмірі. Қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлініп шығуы. Ортағасырлық қалалардың арнайы қолөнерінің қалыптасуының әлеуметтік және саяси алғышарттары. Ортағасырлық қалалардың феодалдану процесінің құрамды бөлігі ретінде қалыптасуы. Крест жорықтарының алғышарттары мен сипаты. Клермон соборы. Петр Пустынник. Қайыршылар жорығы. Бірінші крест жорығы. Шығыстағы крестшілердің мемлекеті. «Иерусалим ассиздері». Діни-семсерлік ордендер. Крестшілердің мемлекеттерінің тұрақсыздығы. Екінші рет крест жорықтарының салдарлары.

XI-XV ғасырлардағы Франция және Англия. XI-XIII ғасырлардағы саяси бытыраңқылық. Орталықтандыру процесінің факторлары. Альбигой соғыстары және Лангедоктың қосылуы. XIII ғ. Мемлекттік басқару. Людовик IX реформалары. Жүз жылдық соғыстың себептері мен басталуы. Э. Марсельдің басқаруымен болған париждегі көтеріліс. Норман жаулап алушылығы және оның Англиядағы феодализмнің дамуына әсері. «Қорқынышты сот кітабы». XII ғ. ортасындағы феодалдық қырқысулар. Ирландияны жаулап алу. Генрих III. Барон соғысы. «Оксфорддық провизиялар». «Вестминистрлік провизиялар». Тюдорлар әулетінің басы. Ағылшын халқының қалыптасу процесінің аяқталуы және ағылшын ұлтының пайда болуының алғышарттары.

XIV-XV ғасырлардағы Германия. XI-XV ғасырлардағы Италия. Ворм конкордаты және дағдарыстың нәтижелері. Штауфендер. Тұсындағы империя. Италияндық саясат. Фридрих II. Қасиетті Рим империясы.

Швейцариялық одақтың құрылуы және дамуы. Германияның саяси дамуы. Императорлар мен аймақтық князьдар. Неміс халқының қалыптасуы. Италияның әр аудандарының дамуының бір деңгейде болмауы. Қала коммуналары және олардың біртіндеп қала мемлекеттерге айналуы. Цехтық құрылымның ыдырауы және мануфактураның тууы. Тарихнамадағы Италиядағы ерте капиталистік қатынастар мәселесі.

Кейінгі орта ғасырлар. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Германия. Реформация және Ұлы Шаруалар соғысы дәуірі. Швейцариядағы Реформация. Европадағы контрреформация. Алғашқы қорлану процесі, елдің өзіндік ерекшелігі. Капиталистік мануфактура. Ауыл шаруашылығында капитализмнің дамуы. Ұлттың пайда болуы. Европадағы алғашқы буржуазиялық революциялардың көрінісі. Германияның экономикалық және саяси дамуының ерекше жағдайлары. Реформация қарсаңындағы Германиядағы католик шіркеуі. Неміс гуманизмі және өзіндік ерекшеліктері. Томас Мюнцер. Шаруалар соғысының басталуы. Гейльброн жоспары. Германиядағы Реформация мен шаруалар соғысының тарихи маңызы. XVI ғ. Швейцария одағы. Ульрия Цвингли және оның ілімі. Цюрихтегі Цвингли реформациясы. Цюрихтегі реформацияның аяқталуы және қорытындылары. Кальвиндік реформация алдындағы Женева. Кальвиндік ілім және шіркеу. Швейцария реформациясының тағдыры мен тарихи маңызы. Европадағы контрреформация, оның алғышарттары. Иезуиттер ордені. Игнатий Лойола. Тридент соборы. Контрреформация нәтижелері.

XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Италия, Франция және Англия Италиян соғыстары. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Италияның саяси картасы. Италиядағы реформация және контрреформация. XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы Италияның мәдениеті. Ағылшын абсолютизмі және оның ерекшеліктері. Англиядағы реформация. Англикан шіркеуінің сипаттамасы. Тюдорлардың ішкі саясаты. Отарлық экспансия. XVI ғ. экономиканың дамуы. Абсолютизмнің қалыптасуы. Галликан шіркеуі. Реформация. Реформациядағы буржуазиялық бағыт. Дворяндық бағыт. Азамат соғыстар. Католиктік және Париждік лигалар. Нант эдикті. Генрих IV оның ішкі және сыртқы саясаты. Бірінші министр кадинал Ришелье. XVI ғ. Францияның мәдениеті.

XVI-XVII ғасырлардың бірінші жартысындағы халықаралық қатынастар. Отызжылдық соғыс. XVI ғасырдағы халықаралық қатынастар. Сипаты. Дипломатиялық қызметтің рәсімделуі. Халықаралық қайшылықтардың ошақтары. Отызжылдық соғыстың төрт кезеңі және олардың сипаттамалары. Вестфаль бітімі.

Ұсынылатын әдебиет

Негізгі

- Росс Данн, Лора Митчелл. Рапогата: Дүниежүзі тарихы, 1-кітап. McGraw-Hill Education, 2015. Тілі: ағылшын
- Росс Данн, Лора Митчелл. Рапогата: Дүниежүзі тарихы, 2-кітап. McGraw-Hill Education, 2015. ISBN-10: 0073407046 ISBN-13: 978-0073407043. Тілі: ағылшын
- Осокин, Н.А. История средних веков/Н.А. Осокин-Минск: Харвест.-2009.-671с.
- Виппер, Р. Ю. История средних веков: курс лекций/Р. Ю. Виппер -СПб: Эстет, 2010.-382 с.
- Всемирная история: учебник для вузов/под ред. Г. Б. Поляка, А. Н. Марковой- М.: ЮНИТИ, 2010.-496 с.
- Всемирная история: В 24 т. / А. Н. Бадак-Минск: Харвест. Т.7: Раннее средневековье-2011-592с.
- Византия между Западом и Востоком: опыт ист. характеристики/ отв. ред. Г. Г. Литаврин-2-е изд.-СПб.:Алетейя,2001.-538 с.
- История средних веков: в 2 т.: учебник для вузов/под ред. С. П. Карпова.- М.: Изд-во Моск. ун-та: Инфра-М. Т. 2:Раннее новое время.-2000.-431 с.
- История средних веков: Европа.-Минск:Харвест,2000.-735 с.
- Райс, Тамара Т. Византия: быт, религия, культура/Тамара Т. Райс; пер. с англ. О. О. Дмитриевой.-М.:Центрполиграф,2006.-256 с.
- Шэйнэ, Ж.- К. История Византии/Ж.- К. Шейнэ.-М.:АСТ; Астрель 2006.- 159
- Васильевский В.Г. Лекции по истории средних веков. СПб: Алетейя, 2013. – 646 с.
- История средних веков./под ред. С.П.Карпова. Т.1- 2.- М., 2000.
- История Европы в древнейших времен до наших дней. В 8т. М., 1992. Т. 2. Средневековая Европа; Т.3. М., 1993.
- Қ.Т. Жұмағұлов, Р.С. Мырзабекова Орта ғасырлар тарихы. Алматы, Қазақ университеті, 2015.
- Р.С. Мырзабекова Орта ғасырлар тарихы бойынша терминдер. Алматы, Қазақ университеті, 2016.

Қосымша

- История крестьянства в Европе. Эпоха феодализма. Т. 1-3. М., 1985.
- Хрестоматия по истории средних веков (для университетов и пед. институтов). Под ред. С.Д. Сказкина. - М., 1961. Т.1. М.,1963, Т.2.